

философиялық мұра» сериясының 11 томы, «Әлемдік мәдени ой-пікір» сериясы мен «Қазақтардың ежелгі құқығы» сериясы 5 том болып жарық көрді [4, 22-23].

Сонымен қатар Қазақстанның тарихымен тікелей байланысты шалғайдағы және таяу шет елдердегі тарих пен мәдениет жәдігерлерін зерделеу және қайта түлету, Монғолия мен басқа елдердің аумағынан табылған руналық жазулары бар көне түркілік балбал тастардың көшірмелерін қалпына келтіру жөнінде тұңғыш рет алғашқы қадамдар жасалады. Қазақ халқының мәдени мұрасын, соның ішінде ұлт мәдениеті үшін ерекше мәні бар тарихи-мәдени, архитектуралық және археологиялық жәдігерлерді зерделеу жөніндегі кең ауқымды қолданбалы ғылыми-зерттеулер көзделіп отыр. Ұлттық әдебиет пен жазудың көп ғасырлық тәжірибесін қорытындылауға, Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті жөніндегі көп сериялы басылымдар шығаруға қатысты мәселелер де өзінің жалғасын табуды талап етуде.

Мәдени мұраны иелену - халықтың тарихи зердесінің негізі, онсыз өз кезегінде, шынайы патриотизм болмайды. Бұл жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу үшін ерекше маңызды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жоғарыда айтылған проблемаларды кешенді түрде шешу Қазақстан халқының мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және көпшілікке тарату жүйесін одан әрі дамытуға жәрдемдесе береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы // Қазақ тарихы. – 1998. – № 3. – 9 б.

2 Қазіргі Қазақстан тарихы: хрестоматия // ҚР БҒМ, Мемлекет тарихы ин-ты; құраст.: Т.С. Каленова, А.Т. Серубаева, Ж.С. Абдраманов. - Алматы: Раритет, 2010. - 559 б.

3 Аяған Б.Ғ. Қазіргі Қазақстан тарихы: жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық // Б.Ғ. Аяған, Х.М. Әбжанов, Д.А. Махат; ҚР Білім және ғылым министрлігі Мемлекет тарихы ин-ты. - Б.м.: Раритет, 2010. – 429 б.

4 Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері: №1 ғылыми бюллетень. Актуальные проблемы изучения истории независимого Казахстана: науч. бюллетень №1 // бас ред. Б.Аяған. - Астана: Мемлекет тарихы ин-ты, 2008. - 208 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Муканова Ж.А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қаныш Сәтпаев атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі, Қазақстан

Өз ғұмырында қазақ деген халықтың ұмыт болған, көңілінен жырақтай бастаған асыл қасиеттерін-салт-дәстүрін, мәдениеті мен өнерін қайта тірілтуге бар үміт-жігерін, ақыл-парасатын жұмсаған сирек тұлғалардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы. Ол жақсы мен жаманды, адамдық пен надандықты айнадай бірден байқап, жақсылық үшін, келешек үшін аянбай күрескен ер мінезді тұлға. Бүгінгі мақалада Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларына талдау жасау арқылы оның тәрбие мәселесіне қатысты ой пікірлерін тұжырымдауды мақсат тұттық.

А.Байтұрсынов адам жанының айнасы сөз болғандықтан, рухани байлыққа қол жеткізудің бірден бір жолы ғылым білімді игеру арқылы ғана жүзеге асырылатынын жастарға өсиет етеді. Ғылым білімді игерудегі ұлттық тәрбиенің басты міндеті дені сау азаматты тәрбиелеу деген тұжырымды жасайды.

Қазақ елінің азаттық қозғалысы тарихында Байтұрсынов редакторлық жасаған «Қазақ» газетінің алатын орны ерекше. Осы тарихи кезеңдегі қазақ өмірінің бірде – бір өзекті мәселесі, елеулі оқиғасы бұл басылымның назарынан тыс қалған жоқ. Сөз өнері

жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Байтұрсынов «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Байтұрсынов «әдебиет тіліне негіз етіп ел ауызындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынов – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер.

Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, құқықтану, жер мәселесіне, отарлауға, ғылым-білімге, педагогикаға арналған «Тағы да народный сот хақында» (1911), «Қазақ хәм ІҮ Дума» (1912), «Земство» (1913), «Жер жалдау жайынан» (1913), «Көшпелі хәм отырықшы норма» (1913), «Уақ қарыз» (1913), «Бұ заманның соғысы» (1914), «Жәрдем комитеті» (1915), «Закон жобасының баяндамасы» (1914) (осы мақала үшін Ахмет Байтұрсынов штраф-айып төлеген), «Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение» (1914), «Губернатор өзгертілуі» (1914), «Соғысушы патшалар» (1914), «Қазақ жерін алу турасындағы низам» (1913), «Қазаққа ашық хат» (1916), «Бастауыш мектеп» (1914), «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» (1923), «Партия хәм кеңес құрылысындағы рушылдық әсері» (1926) сияқты көптеген мақалалар публицист Ахмет Байтұрсыновтың көзқарасы эволюциясын, тарихи білігін, ойшылдық деңгейін, журналистік қарымын көрсетіп, рухани даму кезеңдерімізден мол хабар береді [1, 9].

Ал ғалымның тілші, әдебиетші ретінде жазған еңбектері бірнеше том боларлық мол дүние, бұлардың ішінде 1913 жылы жазылған «Қазақтың бас ақыны» еңбегі – оқшау, дара тұр. Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттар дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырманының алдына тартылды. Өмірдің сан алуан көкейкесті мәселелерін арқау етіп жазған Ахмет Байтұрсынов мақалалары алдымен «Айқап» журналында, 1913-1918 жылдар арасында өзі редакторлық еткен «Қазақ» газетінде, кейін кеңес баспасөзінде жарияланған.

1923 жылы Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдық тойында Мұхтар Әуезов Ақжол газетінде «Қазақ» газеті туралы былай деген еді: «...Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газетаның жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпіні кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айқайлап, оятуға заман ерік бермеген соң «Маса» болып талай ызындап, «оятамын» деп бейнетті міндет қылып алған, Ахаңның екпіні болатын» [2, 36].

1916 жылға 25 маусымдағы патша үкіметінің Қазақстан мен Орта Азияның тұрғылықты халқының ер-азаматтарын майдандағы қара жұмысқа алу туралы жарлығы қазақ халқын есеңгіретіп жіберді. Осы уақытқа дейін жерінен айырылып әбден күйзеліске ұшыраған қазақ халқы енді Ресей империясына қарсы қарулы күреске дайындалды. Ахмет Байтұрсынов сонау 1913 жылдың өзінде: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», - деп жазған болатын.

Отаршыл өкіметтің шексіз қанауына шыдамаған қазақ халқының жаппай қолына қару алудан басқа амалы қалмаған еді.

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі-ертегі, химия үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды.

Болғандай жегенімнің бәрі қарам, - деген жолдардың нақты өмірлік материалы әкесі

Байтұрсынның 15 жылға Сібірге айдалып, қуғын көруі, бала жүректің тілім-тілім жаралануы. Ал, «Жиған-терген» өлеңіндегі:

Қазағым, елім,
Қайқайып белиң,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып

-деген сөздерді патша цензурасы кезінде жібермей тастаған. Ақын ашынып сөйлейді, тартыстар, қайшылықтарды көрсетеді.

Бұл бір сөз қасірет айтып хатқа жазған,
Қалмаған түк қасиет қазақ азған.
Байға мал, оқығанға шен мақсат боп,
Ойлайтын жұрттың қамын адам азған.

Күрес идеясы, келешек қамы үшін арпалысу, ел болу мақсаты бар тілектен жоғары қойылады:

Мен бұқтым, жаттым,
Сен бұқтың жаттың,
Кім істемек қызмет?
Ауызбен айтып,
Істерде қайтып,
Жоламасақ не міндет?
Тек жүрсе тоқ жүрмекті
Қиын деме білмекті.

Қазір әлем поэзиясындағы ділмар сөз – афоризм боп кеткен түрік ақыны Назым Хикметтің:

Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап,
Біз жанбасақ лапылдап
Аспан қалай ашылмақ,

-деген жолдарының Ахмет Байтұрсынов өлеңімен әуендестігі кісіні таң қалдырады [1, 8].

«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар-абыройын сатқан «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу, босаң туған бозбала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар», «мәз болып құр түймеге жарқылдаған оқығандар» сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Көк есектерге», «Жұртыма», «Қарқаралы қаласына» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар. «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі» – қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар. «Масада» Пушкиннен аударылған «Қыздыр дейсің мәжілісті, жан дейсің», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», Крыловтан аударылған «Сорлы болған мұжық», «Қаздар» шығармалары да берілген.

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп қапқаны,

-деген жолдарда өз уақытының сыры айтылса:

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бір күншіл, менікі ертеңгі үшін,

- деген уақытта ақын болашақпен сырласқандай, өлместігіне сенеді.

Екі жинақ – «Қырық мысал», «Маса» - қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектермен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам-тарам жүлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады.

Өмірінің алғашқы жылдарын бала оқытудан бастаған ақын ол жөнінде өзінің жырларына да қосады: «Адамдық диқаншысы - қырға шықтым, көлі жоқ, көгалы жоқ - құрға шықтым. Тұқымын, адамдықтың шаштым, ектім, көңілін көтеруге бұл халықтың» - деп бейқам жатқан қазақ халқын сауаттандырып, өнер - білімге, мәдениетке жетеледі.

Қазақ халқын қараңғылықтан шығарудың бірден-бір жолы ғылым-білімге ұмтылу, оқу-ағарту жұмысымен айналысу деп түсінген А.Байтұрсынов өзінің «Маса» деген еңбегінде халықты өз тағдыры үшін күреске шақырып, жұртшылықты шырт ұйқыдан оятайын, ойландырайын деген мақсат көздейді. Ол: «қазақ малшы ұйықтап жатқан, жыланды пәле дедік аңдып жатқан, Пәленің түрін көрген мен Сары маса, Халықты оянсын деп сөзбен шаққан» - деп қазақ халқын өркениетке жетелеу мақсатында өнер білімге шақырады және бұған қол жеткізуде тәрбиенің орнына ерекше көңіл бөледі.

Ұрпақ тәрбиесіндегі қазақ халқының көңіл аударарлық мәселесі сөз өнерін меңгеруі екендігі мәлім. Қашан да қазақ халқы сөзге тоқтаған және сөз қадірін, күшін бағалай білген халық болған. Осы тұста Ахмет Байтұрсынов тұлғаны қалыптастыруда оның сөз саптауы мен мағыналы сөйлеуі, анық та түсінікті етіп ойын жеткізуі тұлға қалыптасуындағы маңызды міндеттердің бірі деп санайды. Әдемі де мағыналы сөйлеуді тәрбиеліліктің бір көрінісі ретінде түсінген ақын тіл айқындығы туралы былай дейді: «Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтайын дегенін анық тануы қажет, көмескі танитын нәрсесін көмескі айтады», - деп тіл, сөз адам ойының айнасы екендігін, яғни адамның сөйлеу мәнері мен сөз саптауына қарап оның ойының анық немесе көмескі екендігін білуге болатындығын ескертеді [1, 16].

Қазақ халқын тынымсыз тіршілікке шақыра отырып, еңбектенуге, әрекетке талпындырып, жағымсыз әдеттерден аулақ болуға шақырады. Ол өзінің «Жиған – терген» деген өлеңінде еңбек тәрбиесіне көңіл бөледі.

Балалық қалып, Ес біліп анық, Ер жеткелі жиырма жыл.

Баяғы қалпы, Баяғы салты, Бұл неткен жұрт ұйқышыл!,- деп, балалары ер жетіп жиырмаға келіп қалса да әлі балалық танытып әрекетсіз, еңбек етпей ұйқымен өмірін өткізіп жатқан кейбіреулерді сынайды. Олардың мұндай халде болуы жұрттың ықпалы, көпшілік өнегесі, тәрбиенің осалдығы деп түсінеді.

А.Байтұрсынов көзқарасындағы ұлттық тәрбиенің басты міндеті дені сау азаматты тәрбиелеу деген тұжырымын жасайды. Оны өз көзқарасы тұрғысынан дамытып әкетеді. Ақын ұрпақ тәрбиесінде оның денінің сау болуын негізгі міндет етіп қойып, оны қалыптастырудың жолдарын ғылыми тұрғыда көпшілікке түсіндіреді. Бұл бүгінгі салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы өзекті мәселелерді шешуде таптырмайтын кеңестер болып табылады.

Аурудың бәрі астан болғандықтан асты аңдап ішуге кеңес береді. Ақын: «Аңдап ішу дегеніміз - тамақтың жақсы, жаманын талғап ішуді; дәмділігіне қызығып шамадан тысқары артық ішіп жібермеуді; тамақты баспалатып, әлсін-әлсін ішу болып табылады. Тамақты ішетін қалыпты мезгіл болуы керек. Мезгілінде дамылдау керек. Күнде солай істеген соң тамақты керек те қылмайды. Көп жасаған адамдардың өмірінің тұтынған қалпы осы болған» деп тамақтану мәдениетін сақтаудың ұзақ өмір сүру кепілі болатынын айтады. Осылайша ақын «Тамақ жеу үшін өмір сүруді емес, өмір сүру үшін тамақ жеу» салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі ұраны болуы керектігін ұсынады. Ақын А.Байтұрсыновтың зерттеулерінде осы ұсыныстарды келер ұрпаққа жеткізіп, шараптың зиянын түсіндіреді, сөйтіп, ол жалқаулыққа алып келер дерт, ал жалқаулық кедейшіліктің бастауы екендігін түсіндіреді. Бұл жөніндегі ақын көзқарасы:

Болсын кедей, болсын бай, Жатыр бейқам, жым- жырт, жай.
Емшегін еміп, анаға сеніп, Бала ұйықтайды жастықпен.
Қымызға канып, Қызарып жанып. Бай ұйықтайды мастықпен.

Шалап ішкен кедей мас, Мына жұрттың түрі оңбас! -деп ата-бабаларымыз насихаттап келген салауаттылықты, тәннің саулығы, жанның саулығының кепілі болатынын өлеңдері арқылы көпшілікке танытып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келді [2, 23].

Өлеңдерінің мазмұнында дәл бүгінгі күннің жағдайларына байланысты кездесетін қарым-қатынастар мен мінез-құлықтардың көрінісіне арналған мәселелер көптеп қарастырылады. Мысалы, «Қарға мен түлкі», «Қасқыр мен қозы», «Жас ағаш» және т.б. өлеңдерінде күнделікті тұрмыста кездесіп жүрген қарым-қатынас жарасымдығына нұсқан келетін жайттар айтылып, дұрыс әрекеттерге бағыт-бағдар беріледі. «Қасқыр мен қозы» өлеңінде басшы мен қызметші, ата-ана мен бала, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынастар, билікті пайдаланудағы әділетсіздіктер, күштінің әлсізге қысымы, т.б. мәселелер сөз болады. Оны мына өлең жолдары арқылы көруге болады:

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі, Ойлаймын, оны мақтар шықпас кісі.

Нашарды талай адам талап жеп жүр, Бөріден артық дейміз оның несі,- деп адамдарды аңдар кейіпі арқылы суреттеп көрсетеді.

А.Байтұрсынов оқытудың білімділік-танымдық жағымен бірге тәлімгерлік қызметіне де баса көңіл бөлді. Әрбір оқылатын тақырыптардың білім бере отырып, тәрбие де беруін қарастыруды талап етті... «Тән көмілер, көмілмес еткен ісім, Ойлайтындар мен емес бір күнгісін, Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, Ел бүгіншіл, менікі- ертеңгі үшін»- деген Ахмет Байтұрсынұлы бүгінде бізді болашаққа шақырып тұр.

А.Байтұрсынов ұлы ұстаз-теоретик ретінде бала тәрбиесінен бастап ұлттық санаға дейінгі педагогикалық проблемаларды жан-жақты зерделеген. «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екенімізді білдірер едік», - деп армандайды. Ардақты азамат, халқымыздың саяси әрі рухан көсемі Ахмет Байтұрсыновтың елі үшін еткен еңбегі, саяси - әлеуметтік ой арманы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда іс жүзінде жүзеге асып отыр.

Бұрынғы ескі-ертегі, мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды.

«Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн, Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,

Тартады аққу көкке, шаян кейін. Жұлқиды суға қарай шортан шіркін» [3, 19].

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманна қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады. «Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас. Әуелі бірлік керек болса жолдас. Бірінің айтқанына бірің көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің оңбас» -деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады. Ахмет Байтұрсынов қоғамның тәрбиесі жеке адамнан басталатынын көрсете білді. Осымен байланысты қазіргі уақытта Қазақстанда тәрбие, білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Сондықтан да жас ұрпақ бойында қазақи қалыпты қалыптастыру мәселесін де автор өз шығармаларында қарастырған. Қандай ұлы адамды алсаңыз да, оның ұлылығы, ең алдымен, туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ахмет Байтұрсынов: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген еді. Бүкіл елдің кемел келешегі болатын балаларды тәрбиелеу, оларға сапалы білім беру қандай қоғамның болмасын алдындағы негізгі міндеті.

Әдебиеттер тізімі

1 Тұрғараева Г.М. Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық - саяси және мемлекеттік

қызметі (1872 - 1937 жж). Тарих ғылымдар.кандид. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. диссер. Алматы., 2009. -154 б.

2 Табылдиев Х. Қазақстанда сауатсыздықты жою: тарихи тәрбие және тағылым. Автореферат док. дисс. 1997, -51 б.

3 Әбдіманов Ө. Ахмет Байтұрсынұлы. Алматы: Арда. 2007, -188 б.

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВВ

*Акпанбаева Ю.А.
учитель истории,*

№ 95 школа-гимназия, г.Караганда, Қазақстан

Последняя треть XIX в. - важный и во многом переломный период в истории Казахстана. Это время полной потери независимости и окончательной колонизации Казахстана Россией. В середине 60-х годов XIX в. вся современная территория Казахстана полностью вошла в состав Российской империи. Этот процесс совпал с буржуазными реформами в России 70-80 гг. XIX в., которые способствовали развитию капитализма в целом.

В 1865 г. царское правительство создало комиссию для изучения хозяйственных особенностей различных регионов Казахстана, существующей системы управления, обычного права и выработки проекта реформы. В состав комиссии вошли не только чиновники различных учреждений, но и ученые. Как известно, в работе комиссии активное участие приняли Ш.Уалиханов и известный исследователь Казахстана А.Левшин.

В результате работы комиссии был составлен проект реформы управления степными областями. Для окончательного уточнения проекта реформы административного управления Средней Азии и Казахстана в марте 1867 г. был создан комитет во главе с военным министром Д.Милютиным. 11 июля 1867 г. было издано «Временное положение об управлении в Семиреченской и Сырдарьинской областях», 21 октября 1868 г. утверждено «Временное положение об управлении в степных областях Оренбургского и Западно-Сибирского генерал-губернаторства».

Главной и основной задачей реформы было объединение подвластных России народностей под одно управление, устранение от власти местной аристократии, ослабление родовых начал, «чтобы добиться постепенного слияния киргизских (казахских) степей с прочими частями России». Реформы были вызваны стремлением царизма обеспечить русскому капиталу наиболее выгодные условия для эксплуатации коренного населения казахских степей и природных богатства края.

Основным в реформах 1867-1868 гг. был земельный вопрос. По этим документам (пункт 199. Положения) вся земля в Казахстане объявлялась собственностью государства и только передавалась в пользование казахским аульным общинам. Личной собственностью признавались лишь те земельные участки, которые были пожалованы царем ханским потомкам. В конце XIX-начале XX вв. со времени массового переселения крестьян Центральных губерний в Казахстан пункт 199 Положения явился юридическим основанием колониального захвата казахских земель. Собственные земли казахских трудящихся передавались им же за определенную плату. Плодородные земли на берегах степных рек и озер закреплялись за казачьими войсками. За кочевание на этих землях казахи должны были платить арендную плату. Крестьяне-переселенцы получали ряд льгот. В уездных центрах они имели право получать бесплатно землю под пашню и усадьбу, лес для застройки, заниматься земледелием, торговлей и ремеслом. Такие же льготы представлялись казахам, принявшим христианство.